

Утебаева Д.С.

Дінтану және мәдениеттану
кафедрасының қызметкері,
«дінтану» мамандығы
бойынша гуманитарлық
ғылымдар магистрі

Тунғатова У.А.

Дінтану және мәдениеттану
кафедрасының оқытушысы,
«дінтану» мамандығы
бойынша гуманитарлық
ғылымдар магистрі

Қазақстандағы діншілдік

Қазіргі кезеңде әлемде діншілдік сипаты айтарлықтай өзгерді, діни сана жаңғыруымен қатар діни құндылықтар мен қағидалардың орындарын алмастыру сияқты көріністер жиі орын алуда. Дегенмен, дін қазіргі қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады, дәстүрлі қоғамдарда және белсенді жаңаруға ұшырап жатқан қоғамдарда әлеуметтік-саяси жеделдету үдерісінің мәнді факторына айналды.

Қазіргі кезеңнің діншілдік сипаты мен ерекшеліктерін анықтау үшін дін туралы және оның негізгі категориясы – сенім жайлы белгілі бір нақты көзқарасымыздың болғаны қажет. Дін немесе религия ұғымы (дін – араб тілінен енген, ал religio – латын тілінде, діндарлық, культ) құдайға немесе құдайларға, тылсым күшке сенуге негізделген сәйкесінше мінез-құлық пен арнайы әрекеттер, дүниетанымды білдіреді. Дін дамуының тарихи формалары: тайпалық, ұлттық, мемлекеттік, әлемдік (буддизм, христиан, ислам діндері). [1]

Сенім – қандай да бір құбылыстың ақиқаттылығын ешқандай дәлелсіз мойындау. Тылсым күшке деген соқыр сенім (құдайға, періштеге, шайтандарға және т.б.) – кез-келген діннің негізгі құрамдас бөлігі. Сенім мәселесі жөнінде өткен ғасырлар ойшылы Л.Фейербах дөп басып айтқан: « Сенімнің орнын сенбушілік басты, Інжілдің орнын – ақыл, дін мен шіркеу орнын – саясат, аспанның орнын – жер, дұғаның орнын – жұмыс, Христостың орнын адам басты. Қазіргі әлемдегі сенім жалған, қауқарсыз, жеткіліксіз саналы сенбеушілік. Діншілдік құдайсыздыққа айналуға» [2]

Дәстүрлі қабылдауда діншілдікті тылсым күштерге сену деп айтады. Діншілдікке берілген анықтама дәстүрлі батыс діндерге тән болғанымен, көптеген шығыстық және жаңа діни жүйелерге қатысты қолданылмайды. Адамның діншілдігінде мистикалық элемент бар – бұл тек жоғарғы күшке сену ғана емес, оның бар екендігіне сену сезімі. Діншілдік жөнінде К.Юнг «Діншілдік – «жанның» арнайы тәжірибесі, саналы және бейсаналы діни елестер. Бейсаналылық адамның діни бастан кешулерінің негізгі қайнар көзі» деген ойды айтады.[3.]

Қазіргі кезде ғылымның әлеуметтік рөлінің артқанына қарамастан, оның дәстүрлі және дәстүрлі емес түрлерінде де діншілдік құбылысының көріністерін байқауға болады. Қазіргі заман мәдениетіндегі адамға мистикаға, оккульттық ілімдерге, эзотерикаға белгілі деңгейде қызығушылық тән. Діншілдіктің осы және басқа себептерін білу үшін оның негізін құрайтын элементтерін қарастыру қажет. Атап айтсақ: діни бейнелер, мифологиялық жүйелер және діни рәсімдер.

Діни бейне деп адам немесе адамдар тобына эмоциялық жағынан маңызды, діни сезімдерді туғызатын кез-келген объектіні айтамыз. Діни бейненің пайда болуына адамның ішкі толғанысы, күйзелісі және сыртқы факторлар ықпал етеді. Дәстүрлі түрде қалыптасқан екі фактор ықпал етеді: харизмасы күшті адамның әсерінен; қоғамда қалыптасқан бейнелерді тәрбие барысында адам санасына енгізу. Қазіргі заманғы діндерге діни бейнелерді күнделікті өмірге көшіру, ғылым мен техникадағы жаңалықтарды діни бейнеге айналдыру тән. Мысалы, дәрі-дәрмекті, ғылыми концепцияны және т.б. фетишизациялау. Ғылым мен техника саласынан келген діни бейнелер. Мәселен, кейбір жүйелерде әлемді басқаратын жоғарғы күш «ғарыштық компьютер», өзге планеталықтар немесе «бейорганикалық тіршілік иесі» ретінде түсіндіріледі. Психологияның заманауи даму деңгейі адам санасына діни бейнелерді жасанды түрде енгізуге мүмкіндік береді. Мәселен, барлық жаңа христиандық жүйелерде қайталанатын дұғаларды хормен өлеңдетіп айту, талап етіліп отырған мінез-құлық үлгілерін топтың қолдауы сияқты әдістер қолданылады.

Мифология діни образдарды адам санасында жүйелеу. Мифология адамды өзіне баурайды, аңызда айтылған оқиғалардың қатысушысы етеді. Бұл көбінесе харизматикалық діни жүйелерге тән. Бүгінгі таңда миф болуы мүмкін емес жалған деп түсіндіріледі, ал бұрынғы кезде абсолютті ақиқатты беретін ақпарат көзі, өмір сүру үлгісі болып табылған. Мифология мен діннің ара-қатынасын зерттей отырып М.Ю. Смирнов мифтың 3 түрлі «келбетін» (ипостась) бөліп көрсетеді: архаикалық мифтер, діни және діни емес мифтер. Архаикалық мифке дүниені қабылдаудың «алғашқы қауымдық бірегейлігі» тән - адам мифті шындық ретінде, ал шындықты мифологиялық түсініктер арқылы қабылдайды. Діни санаға дүниені екіге бөлу тән: «о дүние», «осы дүние» профанды және сакралды және т.б.

Қазіргі қоғамда «миф діни сенімдерден алыс жатқан кейде мүлдем қарсы идеяларды жүзеге асырушы арна іспеттес. Діни емес мифтер өздерінің жасаушыларының қоғамдық және жеке өмірінің секуляризацияланған саласындағы саяси-құқықтық, адамгершілік, эстетикалық ізденістерін білдіреді». Ю. Рыжов қазіргі бұқаралық мәдениетте табыну объектісі - Кейіпкер, қаһарман культі екенін атап көрсеткен. Егер біз діншілдік терминін тек дәстүрлі діндерде қалыптасқан мағынасымен ғана алмай, кең мағынада алсақ, Кейіпкер – тек мифологема, сана архетипі ғана емес, сонымен бірге табыну объектісі, яғни культтық, діни персонаж. Кейіпкер – бұқаралық мәдениеттің «әулиесі», «құдайы» (табынушыларына ықпал ету қабілетіне

байланысты), және оның маңызды қызметтері – бұл кез-келген діни мәнге ие объектіге, жалпы дінге тән қызметтер болып табылады. [4]

Қазіргі миф шығармашылығының негізінде адамның өз қолымен өмірін өзгерту мүмкін еместігі туралы ой жатыр. Мифтік сана ғарышқа тек қорқынышпен емес, Әлемдік Ақылға сену, онымен байланысу мүмкіндігі деп үміттене қарау тән. Осының негізінде өзге планеталықтар туралы, тылсым күштердің әлемдегі істерге араласуы, жердегі ахуалды жақсартуы жайында мифология қалыптасты. Міне, сондықтан бүгінгі таңда, ғылыми-техникалық прогресс дәуіріне оккультизм, парапсихологияға, сиқырға, мистикалық ілімдер мен культтерге қызығушылық тән.

Адам әрқашан өзін-өзі жетілдіруге талпынады, сондықтан эволюция үдерісінде діншілдік сияқты қасиеттің дамуы осы бағыттағы мүмкін болатын жолдарды ашады. Адамның табиғи белсенділігі, танымға құмарлығы, оның күн сайын өзгеріп отыратын қажеттіліктері, қызығушылықтары жеке адам мен топтарды өзінің мәнін көрсетуге бағытталған жаңа формаларды іздеуге итермелейді. Діншілдік адамның өмір сүріп отырған әлемінің шеңберінен шығуына түрткі болғандықтан, адам дәстүрлі діни құндылықтарды жоймаса да, бас тартып, оның дүниетанымдық ізденістерін қанағаттандыратын жаңа жүйелерді жасауына мүмкіндік береді. Заманауи мәдениет кеңістігінде жаңа діни қозғалыстардың пайда болуы әрбір адамға тән өзін жоғары Абсолютпен сәйкестендіру тәсілі ретіндегі діншілдіктің тағы да бір көрсеткіші болып табылады.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастау алған саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесінде қоғамдық дамудағы бетбұрыс, ұлттық және онымен тарихи, әлеуметтік-мәдени, діни қатынастар саласында айтарлықтай өзгерістер тудырды.

Қазақстандағы діни жағдай бойынша күрделі мәселелердің көптігі діни саладағы жаңа шындыққа бейімделу, діни жағдайды бақылауға алу қажеттілігін туындатты. Кеңестік жүйе күйрегеннен кейін халық санасында орнаған рухани вакуумды толтыру нәтижесінде діни сана жаңғыруы, дінге бет бұру байқалды. Дін мен саясат қарым-қатынасының, діни ахуалдың ерекшелігі мен даму перспективаларын зерттеп, анықтап алмайынша заманауи оқиғалар мен үдерістерді ұғыну мүмкін емес.

Заманауи қазақстандық мәдениеттегі дін тақырыбын зерттегенде карапайым халық санасында, ойшылдар еңбектерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында, қазақстандық кино өнерінде, поэзиясында және т.б. салаларында діннің алатын орны мен рөлін талдау қажет. Еліміздегі зиялы қауымның өкілдері діннің жаңғыруы және дамуы Қазақстан қоғамындағы ұлттық және әлеуметтік мәселелерін шешудің негізгі алғышарты деп есептейді.

Қазақстандағы діни жағдайдың даму перспективасы қандай? Көп конфессионалды мемлекетіміз халқымыздың қанына сіңген еркіндігін сақтай ала ма? Жаңа діни ұйымдардың халық санасын уландыруы қашанға дейін жалғаспақ? Осы тектес сауалдарға ғалымдарымыз түрліше жауап беру

үстінде. Осы мәселеге байланысты айтып, жазып, зерттеп жүрген ғалымдарымызды шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады:

1) Дәстүрлі діндердегі құндылықтарды енгізуді қолдайтындар (ислам және православие);

2) Зайырлылық принципін ұстана отырып, ұлттық сананы, идеологияны қалыптастыру керектігін қолдайтындар;

3) Түркі халықтарына ортақ Яссауи ілімін жаңғырту, сопылық ілімін қолдау мәселесіне ден қоюшылар;

4) Жаңа пұтқа табынушылық немесе тәңіршілдікке оралу идеясын қолдаушылар.

Демократиялық дискурсті айқындайтын діни плюрализм діни жағдайды қиындатады және келесі мәселелерді туындатады. Біріншіден, ол демократиялық кеңістіктегі дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ұйымдардың қарым-қатынасы. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы, Орыс православ шіркеуі мен дәстүрлі емес діни ұйымдар арасындағы сұхбат мүмкін бе? Бұл жерде әңгіме жай ғана формальды сұхбат жөнінде емес, конструктивті сұхбат жөнінде. Екіншіден, бір жағынан, діни сенім бостандығына кепілдік беретін, екінші жағынан, қазақстандық қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайтуға және деструктивті тенденциялардың алдын алуға бағытталған салмақты мемлекеттік саясат. Бұл мәселе, ең алдымен, құқықтық аспектілерді өзекті етеді. Қазақстанның діни кеңістігінде дәстүрлі емес діни ұйымдардың белсенді таралуына орай тартыс тудыратын факторлар да жоқ емес. Олардың белсенді таралуына әлеуметтік-экономикалық бағыттағы мәселелер, индивидтің өмірдегі рухани ізденістері ықпал етеді.

В.И. Гараджаның пікірінше, адам ең жоғарғы адамгершілік критерилерді құдайлық мәртебеге негіздесе де, моралды нормаларды өзінше таңдау жолында болса да адам моралды болуы, аталған өлшемдерге сай келуі мүмкін. Адамгершіліктік құндылықтар жалпы адамзаттық сипатқа ие, олар тарих барысында қоғамдық сананың түрлі формаларында қалыптасқан. Тек Құдайға сенетін адам ғана адамгершілікті болады немесе керісінше тек атеист ғана адамгершілік тұрғысынан толыққанды болады деген көзқарастар шындыққа жанаспайды және идеологиялық төзімсіздік өнімі болып табылады. Қоғамның рухани денсаулығы дін жойылып, атеизм салтанат құрғанына тәуелді емес, бірақ діни және атеистік фанатизм, төзімсіздікті жеңумен байланысты. Ар-ождан еркін, діни көзқарасты таңдау әрбір адамға оның жеке ісі ретінде берілуі тиіс. [5, 61 б.]

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Религиоведение Энциклопедия под ред. Элбакян А.Н. М., 2008 г.
2. Яблоков И.Н. Религиоведение Москва ГАРДАРИКИ 2004 22 б.
3. Юнг, К. Г. Проблема души нашего времени / К. Г. Юнг. – М.: «Прогресс», 1996 – 232 б.
4. Рыжов Д.Ю. Ignoto Deo: Новая религиозность в культуре и в искусстве. –М.: Смысл, 2006 г.
5. Гараджа В.И.Религиоведение: Учеб. пособие. -М.: Аспект Пресс, 1995.- 351 с.